

Жеке тұлғаға арналған жеке кабинетте жұмыс істеу жөніндегі басшылық



НАЦИОНАЛЬНЫЙ УДОСТОВЕРЯЮЩИЙ ЦЕНТР
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Мазмұны

ҰҒЫМДАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
1. ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ КОМПЬЮТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЕҢ ТӨМЕН ТАЛАПТАР	4
2. ЖЕКЕ КАБИНЕТКЕ КІРУ	4
3. ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ	7
3.1 «ТЕГІ» МӘЗІРІ.....	7
3.2 «МЕНИҢ ЭЦҚ КІЛТТЕРІМ» МӘЗІРІ	8
3.2.1 «ЭЦҚ кілттерін қайта шығару» бөлімі	8
3.2.2 «ЭЦҚ кілттерін қайтарып алу» бөлімі.....	10
3.2.3 «ЭЦҚ кілттерін алуға арналған өтінімдер» бөлімі	13
3.2.4 «ЭЦҚ кілттерінің тізімі» бөлімі	14
3.2.5 «Өтінімнің мәртебесін тексеру» бөлімі	14
3.2.6 «ЭЦҚ кілтінің паролін ауыстыру» бөлімі	16

Ұғымдар мен қысқартулар


ҚР ҰКО	«Электрондық үкімет», мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің қатысушыларына қызмет көрсететін Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығы
ҚР НКО	Куәландырушы орталықтардың электрондық цифрлық қолтаңбасының ашық кілттерінің тиесілілігін және жарамдылығын растауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығы
ЭЦҚ	Электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы
ЖСН	Жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын жеке сәйкестендіру нөмірі
БСН	Заңды тұлғаға, оның ішінде бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бизнес-сәйкестендіру нөмірі
Тіркеу куәлігі (Сертификат)	Электрондық цифрлық қолтаңбаның Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін ҚР ҰКО беретін қағаз тасығыштағы құжат немесе электрондық құжат
Жабық кілт	ҚР ҰКО жазылушысына белгілі және ЭЦҚ құралдарын пайдалана отырып электрондық цифрлық қолтаңбаны жасауға арналған электрондық цифрлық символдардың бірізділігі
Қорғалған тасығыш	Деректердің шифрлануы мамандандырылған контроллерді пайдаланумен ақпаратты тікелей жинақтаушыға жазған кезде орындалатын ақпаратты қауіпсіз сақтау құрылғысы. Ақпаратқа қолжетімділік үшін пайдаланушы жеке парольді көрсетуі тиіс.
ОЖ	Операциялық жүйе – компьютердің ресурстарын басқаруға және пайдаланушымен өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастыруға арналған өзара байланысқан бағдарламалар кешені

1. Пайдаланушының компьютеріне қойылатын ең төмен талаптар

- Браузер: Internet Explorer 10+, Firefox 4+, Opera 10+, Google Chrome 4+, Safari 5+;
- NCALayer;
- Операциялық жүйе: Windows 7/8/10, Linux, OS X 10.

2. Жеке кабинетке кіру


Браузерді іске қосыңыз және мекенжай жолында www.pki.gov.kz теріңіз. Келесі парақ пайда болады (1-сурет).



1-сурет


«Жеке кабинетке кіру» батырмасын басыңыз.

Ашылған терезедегі тізімнен «Кілттерді сақтау» түрін таңдауыңыз қажет – Дербес компьютер, жеке куәлік, eToken PRO (Java, 72К), JaCarta, Kaztoken (2-сурет).



2-сурет

«Кілттерді сақтау орнына дейінгі жол» жолында Сіздің тіркеу куәліктеріңіз орналасқан жолды көрсету керек (3-сурет). Аутентификация кілтін таңдаңыз (AUTH_RSA) және «Ашу» батырмасын басыңыз.



3-сурет


«Кіру» батырмасын басыңыз (4-сурет).



4-сурет


Пайда болған диалогтық терезеге Өзіңіздің кілттерді сақтау орнының паролін енгізіңіз (5-сурет).

Назар аударыңыз! Казтокен арналған белгіленген пароль: 12345678, eToken PRO (Java, 72K), JaCarta: 1234567890.



5-сурет

«Кілттердің тізімін жаңарту» батырмасын басыңыз. Парольді дұрыс енгізген кезде аутентификация кілті көрсетіледі (6-сурет).



6-сурет

«Қол қою» батырмасын басыңыз. Пайдаланушының жеке кабинетіне қош келдіңіз (7-сурет).




7-сурет

Пайдаланушының жеке кабинетіне кіру жүзеге асырылды.

3. Жеке кабинетте жұмыс істеу

3.1 «Тегі» мәзірі

Пайдаланушының «Тегі» мәзірі ҚР ҰКО тіркеу куәліктерінің пайдаланушысының профайлы туралы ақпаратты қамтиды (8-сурет).



8-сурет

Профайл деректері пайдаланушының жеке ақпаратын қамтиды. Күйге келтірулерде интерфейс тілін, сондай-ақ электрондық поштаға хабарламалар жіберуді ажырату мүмкіндігін таңдай аласыз (9-сурет).

ТЕСТОВ ТЕСТТ > ПРОФАЙЛ МӘЛІМЕТТЕРІ	
Қолданушының мәліметтері	
Логин:	123456789012
Қолданушының түрі:	Жеке тұлға
Электрондық пошта:	<input type="text" value="example@example.kz"/> <input type="button" value="Entry"/>
Интерфейс тілі:	<input type="text" value="kk"/> <input type="button" value="Entry"/>
Жеке мәліметтер	
ЖСН:	123456789012
ТАӘ:	ТЕСТОВ ТЕСТТ ТЕСТОВИЧ
Отключение рассылки уведомлений:	<input checked="" type="checkbox"/> <input type="button" value="Entry"/>
Сертификаттың деректері	
Сериялық нөмірі:	4e722840716b273071e38f0e5fe6138731efd824
Сертификат үлгісінің түрі:	Жеке тұлға (сайкестендіру)
Әрекет ету мерзімі:	04.02.2016 (17:22) - 03.02.2017 (17:22)
Рөлдер мен қол жетімділік дәрежелер	
Жүйедегі рөл:	Жеке тұлға

9-сурет

3.2 «Менің эцқ кілттерім» мәзірі

ЭЦҚ-мен жұмыс істеу үшін «Менің эцқ кілттерім» қосымша парақ бойынша өтіңіз (10-сурет).



10-сурет

Пайда болатын мәзірден мына тармақшалардың біреуін таңдаңыз:

- ЭЦҚ кілттерін қайта шығару - өтінімді онлайн режимінде (қолданыста ЭЦҚ кілттерінің болу шартымен) ЭЦҚ-ны Тіркеу орталығында растаусыз беруге мүмкіндік береді;
- ЭЦҚ кілттерін қайтарып алу - тіркеу куәліктерін қайтарып алуға мүмкіндік береді;
- ЭЦҚ кілттерін алуға арналған өтінімдер – берілген өтініштерді қарау мүмкіндігін береді;
- ЭЦҚ кілттерінің тізімі – қолданыстағы тіркеу куәліктерін көрсетеді;
- Өтінімнің мәртебесін тексеру - берілген өтінімнің мәртебесін тексеруге және тіркеу куәліктерін орнатуға мүмкіндік береді;
- ЭЦҚ кілтінің паролін ауыстыру - ЭЦҚ-ның паролін белгіленуі бойынша ауыстыруға мүмкіндік береді.

Назар аударыңыз! ҚР ҰКО Сіздің парольдерді сақтамайды. Пароль жоғалған жағдайда, ЭЦҚ қалпына келтірілмейді.

3.2.1 «ЭЦҚ кілттерін қайта шығару» бөлімі

Бұл бөлімде Тіркеу орталығына растау құжаттарын ұсынуды талап етпейтін жаңа ЭЦҚ шығаруға болады.

Негізгі жолдар қолданыстағы тіркеу куәлігіне сәйкес автоматты түрде толтырылады.

E-mail, елді мекенді, кілттерді сақтау орны мен Кілттерді сақтау орнына жолды көрсетіңіз.

Және «Өтінім беру» батырмасын басыңыз (11-сурет).

«ЖЕКЕ ТҰЛҒА» ҮЛГІСІ БОЙЫНША ОНЛАЙН ӨТІМ БЕРУ

Ескерту: Құрметті ТЕСТОВ ТЕСТ, жеке кабинеттен берілетін өтінімдерге шектеу қойылды (30 күнде 10 өтінім). Сізге 7 мүмкіндік қалды.

Онлайн өтінім деректері:	
ЖСН: *	123456789011
Тегі:	ТЕСТОВ
Аты:	ТЕСТ
Әкесінің аты:	ТЕСТОВИЧ
Электрондық пошта:	example@example.kz
Елді мекен: *	«Елді мекенді» таңдаңыз

Кілттерді сақтау орнының деректері	
Кілттерді сақтау орны: *	«Кілттерді сақтау орнын» таңдаңыз

11-сурет

Жіберілетін өтінімнің дұрыстығын растаудың қанат белгісін қойыңыз және «Растау» батырмасын басыңыз (12-сурет).

Назар аударыңыз! «Дербес компьютер» сақтау орны қауіпсіз емес. ЭЦҚ кілттерінің жария етілу тәуекелін төмендету үшін қорғалған кілтті ақпаратты тасығышты пайдалануды ұсынамыз.

ҚЫЗМЕТТЕР > ӨТІМДЕР > ӨТІМДІ ӨЗГЕРТУ

Өтінім деректері	
Өтінім нөмірі:	20916574260204
Құрылған күні:	04.02.2016 (17:46)
Үлгі:	Жеке тұлға
Өтінім түрі:	Жеке кабинет арқылы берілген өтінім
Қазіргі статус:	Жаңа өтінім ➔

Өтінімнің статусын өзгерту	
Өтінімнің статусын таңдаңыз:	Өтінім қолданушымен қол қойылған

Мен, ТЕСТОВ ТЕСТ ТЕСТОВИЧ, ЖСН 123456789011, қолданыстағы «Қазақстан Республикасы Ұлттық қуаландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру және кері қайтарып алу» мемлекеттік қызмет стандартын басшылыққа ала отырып, электрондық цифрлық қолданбамен қуаландыру арқылы жоғарыда көрсетілген деректердің дұрыстығын және нөмірі 20916574260204 өтімінің "Жаңа өтінім" нәртебесін "Өтінім қолданушымен қол қойылған" нәртебесіне өзгертуді растаймын.

Енгізу

12-сурет

Парольді енгізіп, «Қол қою» батырмасын басыңыз (13-сурет).

ЭЦҚ құру

Деректерге қол қою

Сақтау орнының түрі: Дербес компьютер
 Сақтау орнының жолы: C:\Users\Amina.Strygina\Desktop\Ключи ЭЦП\фл\RSA256_6f...
 Кілт сақтау орнының құпиясөзін енгізіңіз: ●●●●●●

Кілттер тізімін жаңарту Жою

Қол қою үшін кілтті таңдаңыз:
 SHA256WithRSAEncryption <@>ТЕСТОВ ТЕСТ <@>6f576cc948cf81ab12b546a804ecfdd995245098 <@>274e88b201412f...

Таңдалған кілт туралы ақпарат

Иесінің бірегей аты: ТЕСТОВ ТЕСТ
 Сериялық нөмірі: 274e88b201412f753f3008986c9222c11117c7b0
 Басып шығарушының аты: ҰҚО (RSA)
 Алгоритм: SHA256WithRSAEncryption

Қол қою Жою

13-сурет

Осы нөмір бойынша «Өтінімнің мәртебесін тексеру» бөлімі арқылы тіркеу куәліктерін орнатыңыз (3.2.5-т. қараңыз).

Өтінімнің нөмірін есте сақтаңыз (14-сурет).


Өтінім деректері		
Өтінім нөмірі:	10845560270224	
Құрылған күні:	24.02.2017 (11:08)	
Үлгі:	Жеке тұлға	
Өтінім түрі:	Жеке кабинет арқылы берілген өтінім	
Қазіргі статус:	Өтінімге ҰҚО АЖ-сінде қол қойылып жатыр	
Өтінім статустарының кестесі:		
Статусты өзгерту уақыты	Статустың атауы	
24.02.2017 (11:08)	Жаңа өтінім	Толық мәлімет...
24.02.2017 (11:08)	Өтінім қолданушымен қол қойылған	Толық мәлімет...
24.02.2017 (11:08)	Өтінімге ҰҚО АЖ-сінде қол қойылып жатыр	Толық мәлімет...
Қолданушының мәліметтері		
Қолданушының түрі:	Жеке тұлға	
ЖСН:	123456789011	
ТАӘ:	ТЕСТОВ ТЕСТ ТЕСТОВИЧ	

14-сурет

3.2.2 «ЭЦҚ кілттерін қайтарып алу» бөлімі

Пайда болатын мәзір тізімінен «ЭЦҚ тізімі» бөлімін таңдаңыз.


Жаңа терезеде заңды тұлға қызметкерінің ағымдағы мәртебесімен барлық ЭЦҚ көрсетіледі (15-сурет).



15-сурет


Тіркеу куәліктерін кері қайтару үшін тізімнен қажет тіркеу куәліктерін таңдап, «Редакциялау» батырмасын басыңыз.

Кілттерді сақтау орнын көрсетіңіз (16-сурет).



16-сурет

Қол қоюға арналған тіркеу куәлігіне (RSA) жолды көрсетіп, «Ашу» батырмасын басыңыз (17-сурет).



17-сурет

«Кіру» батырмасын басыңыз (18-сурет).

ҚОЛ ҚОЮ КІЛТІН РЕТТЕУ

Ескерту: Жұмысты бастамас бұрын қол қоюға қолданылатын кілтті реттеу керек. Бұл операция әрбір сессияның алдында бір рет орындалады. Қазіргі сессия аяқталған жағдайда ғана кілтті қайтадан реттеу қажет болады.

Кілттерді сақтау орнының деректері

Кілттерді сақтау орны: * Дербес компьютер

Кілттерді сақтау орнының жолы: * C:\Users\Amina.Strygina\Desktop\Ключи ЭЦП\фл\RSA256_6f...

Сақтау

https://nca.test.kz/ua/includes/select/_select_storage.html?pfldgcid=cc05adac-80fb-4ff2-bf63-efc4afb361aa#

18-сурет

Парольді енгізіңіз (19-сурет).

ЭЦҚ құру

Деректерге қол қою

Сақтау орнының түрі: Дербес компьютер

Сақтау орнының жолы: C:\Users\Amina.Strygina\Desktop\Ключи ЭЦП\фл\RSA256_6f...

Кілт сақтау орнының құпиясөзін енгізіңіз: [masked]

Кілттер тізімін жаңарту Жою

19-сурет

Тіркеу куәлігін кері қайтару үшін ұсынылған тізімнен кері қайтару себебін көрсетіңіз. Орындалып отырған іс-әрекеттермен келісу туралы қанат белігісін қойыңыз және «Кері қайтару» батырмасын басыңыз (20-сурет).

Қайтару

Қолданушының мәліметтері

Қолданушының түрі: Жеке тұлға

ЖСН: 123456789012

ТАӘ: ТЕСТТОВ ТЕСТТ ТЕСТТОВИЧ

Сертификат бойынша мәлімет

Сериялық нөмірі: 43fd4b7396ff3acc6fd5ddfaf66815e1056eb7

Кілт идентификаторы: ac4ca0e8c4bfd3dee7cc9639682d877e1e83db72

Әрекет ету мерзімі: 02.02.2016 (17:03) - 01.02.2017 (17:03) [green check]

Субъект: CN=ТЕСТТОВ ТЕСТТ, SURNAME=ТЕСТТОВ, SERIALNUMBER=IIN123456789012, C=KZ, L=АСТАНА, S=АСТАНА, G=ТЕСТТОВИЧ, E=STRYGINA_A@PKI.GOV.KZ

Басып шығарушы: CN=VKO (RSA), O=Test Ltd, C=KZ

Қайтарулымы статусы: Қайтарылмаған [green check]

Ескерту: Сертификатты кері қайтару үшін қайтару себебін көрсету қажет. Пайда болған тізімнен қайтару себебін таңдаңыз.

Сертификатты қайтару

Сертификатты қайтару себебі: Тиесілікті өзгерту

Қайтару

Мен, ТЕСТТОВ ТЕСТТ ТЕСТТОВИЧ, ЖСН 123456789012, қолданыстағы «Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландірушы орталығының тіркеу куәліктерін беру және кері қайтарып алу» мемлекеттік қызмет стандартын басшылыққа ала отырып, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландіру арқылы сериялық нөмірі 43fd4b7396ff3acc6fd5ddfaf66815e1056eb7 тіркеу куәлігін "Тиесілікті өзгерту" байланысты кері қайтарып алуға сұрау салуда көрсетілген деректердің дұрыстығын растаймын.

20-сурет

Қол қоюға арналған тіркеу куәлігіне (RSA) жолды көрсетіп, парольді енгізіңіз. Тіркеу куәлігін кері қайтару сәтті аяқталды (21-сурет).

ҚЫЗМЕТТЕР > СЕРТИФИКАТТАР > СЕРТИФИКАТТЫ ӨЗГЕРТУ

Сіздің сертификатыңыз сәтті кері қайтарылды

Өтінім деректері	
Өтінім нөмірі:	98481225160202
Құрылған күні:	02.02.2016 (12:21)
Сертификат үлгісінің түрі:	Жеке тұлға (сәйкестендіру)
Өтінім түрі:	Онлайн өтінім
Қазіргі статус:	Тіркеу куәліктері (сертификаттар) қолданушымен орнатылған

Таңдалған сақтау орнының деректері	
Сақтау орнының түрі:	Файлдық жүйе (PKCS12)
Сақтау орнының жолы:	C:\Users\Angela.Veleva\Documents\ключи на каз

Қолданушының мәліметтері	
Қолданушының түрі:	Жеке тұлға
ЖСН:	123456789012
ТАӘ:	ТЕСТОВ ТЕСТТ ТЕСТОВИЧ

21-сурет

Тіркеу куәлігін кері қайтару процедурасы аяқталды.

3.2.3 «ЭЦҚ кілттерін алуға арналған өтінімдер» бөлімі

Пайда болатын мәзір тізімнен «ЭЦҚ алуға арналған өтінімдер» бөлімін таңдаңыз. Бұл бөлімде Сіз барлық ЭЦҚ шығаруға арналған өтінімдерді, сондай-ақ өтінімді pki.gov.kz ресми сайтындағы «Көрсетілетін қызметтер» бөлімі арқылы берген жағдайда көре аласыз.

Жаңа терезеде пайдаланушының ЭЦҚ шығаруға арналған барлық өтінімдері көрсетіледі (22-сурет).

МЕНИҢ ЭЦҚ > ЭЦҚ АЛУҒА ӨТІНІМДЕР ТІЗІМІ

Іздеудің қосымша шарттары.

Өтінім нөмірі:

Құрылған күні:

Өтінім статусы:

Өтінім нөмірі:	16473326160202
Құрылған күні:	02.02.2016 (10:52)
Өтінім түрі:	Онлайн өтінім
Қолданушының түрі:	Жеке тұлға
ЖСН:	123456789012
ТАӘ:	ТЕСТОВ ТЕСТТ ТЕСТОВИЧ
Сақтау орнының түрі:	Файлдық жүйе (PKCS12)

Өтінім нөмірі:	98481225160202
Құрылған күні:	02.02.2016 (12:21)
Өтінім түрі:	Онлайн өтінім
Қолданушының түрі:	Жеке тұлға

22-сурет

Егер Сіз өтінімді pki.gov.kz ресми сайтындағы «Көрсетілетін қызметтер» бөлімі арқылы берсеңіз (бұл бөлім жеке кабинеттің функционалы болып табылмайды), бұл өтінімді Тіркеу орталығына жүгінбей растай аласыз.

Осы мақсатта қажет өтінімді табыңыз және «Редакциялау» батырмасын басыңыз. Ашылған терзде өтінімнің мәртебесін таңдаңыз.

Өтінімнің мәртебесін өзгеруге келісу туралы қанат белгісін қойып, «Растау» батырмасын басыңыз (23-сурет).

ҚЫЗМЕТТЕР > ӨТІНІМДЕР > ӨТІНІМДІ ӨЗГЕРТУ

Өтінім деректері	
Өтінім нөмірі:	19749644160204 өтінішті PDF форматында жүктеу өтінішті Microsoft Word форматында жүктеу
Құрылған күні:	04.02.2016 (14:46)
Үлгі:	Жеке тұлға
Өтінім түрі:	Онлайн өтінім
Қазіргі статус:	Жаңа өтінім

Өтінімнің статусын өзгерту

Өтінімнің статусын таңдаңыз: 🔍 ✖

23-сурет

Өтінімді растау процедурасы аяқталды.

3.2.4 «ЭЦҚ кілттерінің тізімі» бөлімі

Пайда болатын мәзір тізімінен «ЭЦҚ кілттерінің тізімі» бөлімін таңдаңыз.

Жаңа терзде заңды тұлға қызметкерінің ағымдағы мәртебесімен барлық ЭЦҚ көрсетіледі (24-сурет).

Сериялық нөмірі:	239d6261bd0136ce61511d77b7240ed9bd20ceb4
Сертификаттау орталығы:	ҰЛТТЫҚ КҮӘПАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (RSA)
Қолданушының түрі:	Жеке тұлға
ЖСН:	123456789011
ТАӘ:	ТЕСТОВ ТЕСТ ТЕСТОВИЧ
Сертификат үлгісінің түрі:	Жеке тұлға (сәйкестендіру)
Әрекет ету мерзімі:	21.12.2015 (11:34) - 20.12.2016 (11:34) ✖
Қайтарылмаған статусы:	Қайтарылмаған ✔
Редакциялау	
Сериялық нөмірі:	44ed74111401e582ded087e7c87340ca50a705f3
Сертификаттау орталығы:	ҰЛТТЫҚ КҮӘПАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (RSA)
Қолданушының түрі:	Жеке тұлға
ЖСН:	123456789011
ТАӘ:	ТЕСТОВ ТЕСТ ТЕСТОВИЧ
Сертификат үлгісінің түрі:	Жеке тұлға (эцқ)
Әрекет ету мерзімі:	21.12.2015 (11:34) - 20.12.2016 (11:34) ✖
Қайтарылмаған статусы:	Қайтарылмаған ✔
Редакциялау	
Сериялық нөмірі:	5040f00e91668eeb5a38667492c31763bf00d206
Сертификаттау орталығы:	ҰЛТТЫҚ КҮӘПАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (RSA)
Қолданушының түрі:	Жеке тұлға
ЖСН:	123456789011
ТАӘ:	ТЕСТОВ ТЕСТ ТЕСТОВИЧ
Сертификат үлгісінің түрі:	Жеке тұлға (сәйкестендіру)
Әрекет ету мерзімі:	22.12.2015 (12:41) - 21.12.2016 (12:41) ✖
Қайтарылмаған статусы:	Кері қайтарылған ✖
Редакциялау	

24-сурет

3.2.5 «Өтінімнің мәртебесін тексеру» бөлімі

Өтінімді растағаннан кейін «Менің ЭЦҚ» мәзірін ашыңыз, «Берілген өтінімнің мәртебесі» бөліміне өтіңіз.

Өтінімнің нөмірін енгізіңіз және «Іздеу» батырмасын басыңыз (25-сурет).

МЕНИҢ ЭЦҚ > ЭЦҚ СТАТУСЫН ТЕКСЕРУ

Ескерту: ХҚО операторы өтінішті растағаннан кейін, "ҚР ҰҚО тіркеу куәліктерін беру және кері қайтарып алу" бекітілген мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес сертификатты шығару 2 жұмыс күні ішінде жүзеге асады. [Өтінім нөмірін еске салу](#)

Бұлай*, белгіленген алаңдар, міндетті түрде толтырылуы тиіс.

Өтінім нөмірі *

25-сурет

Тіркеу куәліктерін орнату үшін жабық кілттеріңіз сақталған папканы көрсетіңіз және іздеу белгісін басыңыз. Өтінімді берген кезде қалыптастырылған жабық кілттеріңізді сақтау орнын көрсетіңіз. Және «Ашу» батырмасын басыңыз (26-сурет).

Назар аударыңыз! Кілттер қолдау көрсетілетін қорғалған тасығыштардың біреуіне шығарылған жағдайда: eToken 72K, JaCarta, Kaztoken, тіркеу куәліктерін орнатқан кезде құрылғыны алдын ала компьютерге қосыңыз.

Үлгі:	Жеке тұлға
Өтінім түрі:	Жеке кабинет арқылы берілген өтінім
Қазіргі статус:	Тіркеу куәліктері (сертификаттар) өтінім бойынша шығарылды

Өтінім статустарының кестесі:

Статусы өзгерту уақыты	Статустың атауы	
02.03.2017 (16:58)	Жаңа өтінім	толық мәлімет...
02.03.2017 (16:59)	Өтінім қолданушымен қол қойылған	толық мәлімет...
02.03.2017 (16:59)	Өтіміңе ҰҚО АЖ-сінде қол қойылып жатыр	толық мәлімет...
02.03.2017 (16:59)	Тіркеу куәліктері (сертификаттар) өтінім бойынша шығарылды	толық мәлімет...

Қолданушының мәліметтері

Қолданушының түрі:	Жеке тұлға
ЖСН:	123456789011
ТАӘ:	ТЕСТОВ ТЕСТ ТЕСТОВИЧ

Кілттерді сақтау орнының деректері

Кілттерді сақтау орны: *	Дербес компьютер
Кілттерді сақтау орнының жолы: *	<input type="text" value="C:\Users\Amina.Stygina\Desktop\Ключи ЭЦП\Фл"/>
Жаңа пароль: *	<input type="password"/>
Парольді қайта енгізіңіз: *	<input type="password"/> <input type="button" value="Сертификаттарды жүктеу"/>

Көрсетілген парольді міндетті түрде есте сақтаңыз! Пароль қалпына келтірілмейді! ҚР ҰҚО Сіздің парольдерді сақтамайды және пароль жоғалған жағдайда ЭЦҚ кілттерін кері қайтарып алу қажет.

26-сурет

Кілттерді сақтау орны ретінде Дербес компьютерді пайдаланған жағдайда –парольді толтыру жолдары пайда болады (27-сурет). Өзіңіздің ЭЦҚ кілттеріне пароль ойлап тауып, оны енгізіңіз және «Сертификаттарды жүктеу» батырмасын басыңыз.

Назар аударыңыз! Пароль жоғарғы және төменгі тіркелімдегі латын әріптерінен, сондай-ақ сандарынан тұрады. Парольдің ең кем дегендегі ұзындығы: 6 таңба.

27-сурет

**Көрсетілген парольді міндетті түрде есте сақтаңыз!
Пароль қалпына келтірілмейді! ҚР ҰКО Сіздің парольдерді сақтамайды және пароль жоғалған жағдайда, бұл кілттерді кері қайтару қажет.**

«Сертификаттарды жүктеу» батырмасын басыңыз.
Тіркеу куәліктері сәтті орнатылғанын хабарлайтын терезе пайда болады (28-сурет).

28-сурет

Тіркеу куәліктерін шығару аяқталды.

3.2.6 «ЭЦҚ кілтінің паролін ауыстыру» бөлімі

ЭЦҚ паролін ауыстыру үшін «Менің ЭЦҚ» мәзірінің тармағына, одан кейін «Парольді ауыстыру» бөліміне өту қажет. Ашылған терезеде «Кілттерді сақтау орны» жолындағы Сіздің тіркеу куәліктеріңіздің орналасқан орнын көрсетіңіз.

Маңызды! «Кілттерді сақтау орны» жолындағы қорғалған тасығышты көрсеткен кезде пароль нақты қорғалған тасығышқа орнатылады. «Кілттерді сақтау орны» жолында Дербес компьютерді көрсеткен кезде пароль нақты тіркеу куәлігіне орнатылады.

«Кілттерді сақтау орнын» көрсетіңіз. Парольді енгізу жолын көрсетіңіз және «Өзгерту» батырмасын басыңыз (29-сурет). Сақтау орны ретінде Дербес компьютерді таңдаған жағдайда, парольді ауыстыру үшін тіркеу куәлігін көрсетіңіз. Парольді ауыстыру процедурасын әрбір тіркеу куәлігі үшін жеке орындау қажет.

29-сурет

Назар аударыңыз! ҚР ҰКО Сіздің парольдеріңізді сақтамайды. Пароль жоғалған жағдайда, ЭЦҚ қалпына келтірілмейді.

Пароль сәтті өзгертілді.

Тіркеу куәліктерін алған кезде қиындықтар туындаған жағдайда 1414 телефоны бойынша техникалық қолдауға немесе support@pki.gov.kz электрондық поштаға хабарласуды сұраймыз.